

14 – дәріс.

Телесұхбаттағы сөз бостандығы және БАҚ туралы заң

Экран эстетикасы екі бағытта қарастырылады. Бірінші бағыт – тележурналистер әлеміндегі экран эстетикасы; екінші бағыт – көрермендер әлемі. Тележурналистер әлеміндегі эстетикалық талғам біріншіден, тележурналистің сөзі мен қимылы аясында жүзеге асады. Ал екіншіден, телеарнаның тұтастай алғандағы бейнелік образы, яғни, таңбасы, дизайны, интерьері ретінде көрініс табады. Бұл ретте, тележурналистиканың функцияларын толыққанды жүзеге асырудың ресми және шығармашылық қисындары қарастырылады. Ал көрермендердің эстетикалық талғамына нұқсан келтіретін экрандық көріністер негізінен тележарнамаларда жиі ұшырасады. Сондықтан да көрермендер мүддесіне нұқсан келтіретін көріністік қатарларға тиым салу шаралары ұсынылады.

